

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2018 жылғы «23» сәуір

БЖЗК: жеке қорлардың проблемалық мұрасына қатысты белсенді жұмыстар жүргізілуде

2017 жылы барлық проблемалық эмитенттерге қатысты белсенді жұмыстар жүргізілді. 2013 жылдың күзі мен 2014 жылдың көктемі аралығында жеке зейнетақы қорларындағы зейнетақы активтерін Бірынғай жинақтаушы зейнетақы қорына шоғырландыру жұмыстары жүргізілген болатын. Осы кезеңде Қорға барлығы 32 эмитенттің проблемалық қаржы құралдары өткізілді. Олардың облигацияларының атаулы құны – 161,45 млрд теңге болды.

Берешектерді қайтару бойынша жүргізілген кешенді шаралардың арқасында 2017 жылы зейнетақы активтері бойынша Қор алдындағы өтелген берешектердің жалпы сомасы 1,25 млрд теңгені құрады. Бұл 2014-2016 жылдар аралығында өтелген берешектердің жалпы сомасына жақын. Осылайша, 2018 жылдың 1 қантарына қарай 19 проблемалық эмитент қалды. Олардың атаулы құны бойынша берешектерінің жалпы сомасы 37,3 млрд теңгені құрады. Бұл зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 0,5 пайызына жуық.

Проблемалық эмитенттерге қатысты жұмыс бұл өте күрделі үдеріс. Ол көптеген факторларға байланысты. Қазіргі уақытта тағы бір эмитент: «АБДИ Компани» АҚ дефолтқа жол беріп отыр (атаулы құны бойынша 3,8 млрд теңге). Бұл эмитент Қорға қатысты өзінің облигациялары бойынша негізгі қарызының бірінші кезеңін өтеу бойынша 1,2 млрд теңге мөлшерінде дефолтқа (төлей алмау) жол берген. Қазіргі уақытта Қор осы эмитентке қатысты берешекті сотқа дейін реттеу жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Қор алдындағы міндеттемелердің орындалмау мүмкіндігінің жағымсыз салдарын азайтау мақсатында 2018 жылдың бірінші тоқсанында алдын алу шараларын жүргізді. Соның арқасында «Астана финанс» АҚ эмитентінің берешегі реттелді. Эмитент Қордың зейнетақы активтерінің портфеліндегі тәнгелік ноталарды толық көлемде сатып алды. Сөйтіп, Қордың зейнетақы активтеріне шығын келтіру қатері жойылды. Нтәтижесінде салымшылардың шотына инвестициялық табыс ретінде 10,8 млрд теңге есептелді.

Сондай-ақ, Қор атқару өндірістері мен эмитенттерді оңалту және олардың банкротқа ұшырау рәсімдері бойынша ілеспе қызмет көрсетіп жатыр.

«Қазақстан Қағазы» АҚ эмитентіне қатысты өткен жылдың сонында Лондонның Жоғарғы соты «Қазақстан Қағазы» компаниялар тобының Мақсат Әріп, Бағлан Жұніс және Шынар Диханбаеваның үстінен берген талап-арызын қанағаттандыру туралы шешім шығарды. Бұл азаматтар «Қазақстан Қағазы» компаниялар тобының бұрынғы акционерлері және директорлары. Бұл талаптардың «Қазақстан Қағазы» АҚ пайдасына қанағаттандырылуына байланысты тиісті қаражат өндіріп алынып, «Қазақстан Қағазы» АҚ кредиторларының, оның ішінде «БЖЗК» АҚ талабын қанағаттандыруға бағытталуы мүмкін. Бұл ретте бұл эмитентке қатысты оңалту рәсімінің тоқтатылып, банкротқа ұшырау рәсімінің қозғалуына байланысты бұл мүмкіндіктердің жүзеге аспай қалуы мүмкін деген қауіп бар. Бұл қауіп Лондонның сот талқылауы бойынша жауапкер ретінде қатысып жатқан тұлғалардың қарсы тұруына, сондай-ақ «Қазақстан Қағазы» компаниясына қатысты қолданылған банкротқа ұшырау рәсімінің салдарынан туындастырын қындықтарға байланысты орын алып отыр.

Сонымен, 2018 жылдың 1 сәуіріне қарай Қордың инвестициялық портфелінде 20 проблемалық эмитент қалды. Олардың атаулы құны бойынша берешектерінің жалпы сомасы – 41,15 млрд теңге.

Қазіргі уақытта Қордың бұған дейін зейнетақы активтері бойынша міндеттемелердің орындалмауына кінәлі тұлғаларды жаупқа тарту бойынша жіберген арызы аясында 5 қылмыстық өндіріс қозғалды («Комбинат строительных материалов и конструкций-2» ЖШС, «Астана Недвижимость» АҚ, «Астана Финанс» АҚ, «Имсталькон» АҚ және «РЭМИКС-Р» АҚ).

Сондай-ақ, зейнетақы Қоры бірқатар эмитенттердің қызметін тексеру мәселесі бойынша Қазақстан республикасының Ұлттық Банкімен, сондай-ақ Мемлекеттік кірістер департаменті Экономикалық зерттеу қызметінің аумақтық бөлімімен бірлесе әрекет жасап жатыр. Ондағы мақсат – эмитенттердің өз құнды қағаздарын сатудан түскен қаражатты мақсатты пайдаланған-пайдаланбағанын анықтау.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартууды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыга (алушыга) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы
БАҚ үшін байланыстар: press@enpf.kz